

Семинардың тақырыбы: Радиохабардың тілі мен стилін оқытуды зерттеудің психологиялық, лингвистикалық негіздері

Семинардың мақсаты: Радиохабардың тілі мен стилін оқытуды зерттеудің психологиялық, лингвистикалық негіздері бойынша теориялық білімдерін тексеру, «Қазақ» радиосы, «Шалқар» радиосы, «Астана» және т.б. радиосы туралы пікір алмасу, олардың тілін, стилін хабарларын талдау.

Қазіргі таңда радиохабарлардың сапасын айқындауға, радиотолқында қарым-қатынас жасаудың психологиялық ерекшеліктеріне де көңіл бөлінуі қажет. Шетелдік радиохабар тарату қызметінің негізгі әдістері мен пішіндері, ресейлік радиохабар тарату тәжірибесі, американдық және еуропалық радиохабар таратудың бүгінгі модельдері, қазіргі заманғы радиохабар таратудың форматтық ерекшелігі, ақпараттық радиохабар тарату, ақпараттық-музыкалық радиохабар тарату, музыкалық-ақпараттық радиохабар тарату, коммерциялық каналдар мен мемлекеттік радионың хабар тарату режимдерін, радиотолқындағы пікір саналуандығын зерттеу, радиостанциялардың түрлерін анықтау т.б. мәселелерді журналист даярлайтын жоғары оқу орындарында оқытудың маңызы зор. Радиохабар технологиясының дәстүрлі әдістері – әуенмен және қосымша дыбыстармен әрлеу арқылы ақпараттық блоктардың арасын бөлу, бағдарламаның музыкалық шапкасын жасау, дыбыстық декорациялау – тарихи ортаны анықтау, қозғалыстың, оқиғаның болған жерін таныту, дыбыстық фон ретінде қолдану, мәтіннің дыбыстық ырғағын айқындау, дыбыстық атмосфераны бейнелеу, кейіпкердің көңіл-күйін, жан толғанысын, оқиғаның жалпы болмасын аша түсу, образ жиынтығын қалыптастырудың көркемдік тәсілдерін пайдалану, суреттелетін оқиғалардың арасын бір-бірімен жымдастыра байланыстыру сияқты көптеген тәсілдердің қай тілдегі, қай арнадағы хабар болмасын ортақ екендігі, оның жылдан жылға толығып, байи түсуі әлемдік радиожурналистика табысы деп танымыз. Жүз жылдан астам уақытта радиожурналистика ғылымы дамып, өзінің негізгі ұстанымдары мен қағидаларын қалыптастырып үлгерді. Радиоақпарат таратудың табиғатына келгенде, ғылымда оның басты 3 қасиеті бірінші айтылады және мойындалады. Радионың ең басты табиғи қасиеті — жеделдігі. Қалыптасқан БАҚ жүйесінде бірде-бір басқа құрал мұндай жеделдікті қамтамасыз ете алмайды. Газет ақпараты оқырманына жету жолында күрделі бірнеше процесті: деректі жинау, терім, беттеу, көбейту және тасымалдауды бастан өткеріп, бірнеше сағаттан бірнеше тәулікке дейінгі уақытты қамтуы мүмкін. Телевизияда соңғы жылдары ғарыштық байланыс құралдары арқылы оқиға ортасынан тікелей хабар беру үрдісі жолға қойылды. Бірақ ол көп шығынды,

қымбат техникалық құралдарды қажет ететіндіктен екі телеарнаның бірінің шамасы жетпейді, сондықтан сирек, үлкен компаниялардың ғана тәжірибесінен орын алған. Осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында соңғы уақытта радио тәсілін қолдану етек алып келеді, яғни тікелей эфирде телефон арқылы ақпарат беру жиі кездесіп жүр. БАҚ қатарына соңғы 10 жылда қосылған Интернеттің де өзіндік шектеулері бар. Радио тыңдарман үшін аса қолайлы болып табылады және бұл қасиетінің маңызы айрықша. Радионы тыңдау үшін арнайы уақыт бөлу, болмаса күш жұмсау міндетті емес. Үй шаруашылығындағы тірлікпен айналысып жүріп те, жұмыс уақытында да, тамақтанып отырып та, автокөлікте келе жатып та, сейіл құрып жүріп те радионы еш кедергісіз тыңдай бересіз. Радио әмбапап ақпарат таратуымен де ыңғайлы. Ауа райынан бастап маңызды саяси оқиғалар, төтенше жағдайлардың барысы, экономикалық көрсеткіштер туралы, болмаса спорт әлеміндегі қызықты деректердің барлығы кезегімен әуе толқынында тарап жатады. Тыңдарман өзін қызықтырған хабарға зейінін күшейтеді, болмаса кейбір мағлұматтарға аса назар аудармайды. Сөйтіп, өзінің сол уақыттағы сұранысына орай қажетті ақпараттарды қолайлы жағдайда екшеп отырады. Бәсекелестік жағдайында радиостанциялар саны өте көп, сондықтан да соңғы жылдары радионың хабар тарату бағыт-бағдары да өзгеріп, ол тыңдармандардың сұранысына орай маманданып, белгілі бір аудиторияға, әлеуметтік топтарға бейімделе бастады. Бір радио жедел ақпарат пен музыкаға көңіл аударса, екіншісі ескі әуендерді қайта жаңғырту арқылы тыңдарманын тартады, үшіншісі белгілі бір музыкалық бағытты (попса, рок, джаз, т.т.) ғана қолдайды, тағы бірі жасөспірімдер үшін хабар таратады, соған орай сөйлеу стилі мен әдісін де сақтайды. Адам даусының ырғақтарын, үн реңдерін мәтінге толық түсіру мүмкін болмайды. Немесе қағазға жазылған сөз өзінің қосымша бейнелеуші құралы – үннен айырылады, сол арқылы оның мазмұны да кемиді дейді радиозерттеуші ғалым **З.Цаперный**. Мәселен, сценарийді біз жүргізушінің сөзі, шешеннің әңгімесі күйінде естісек, онда одан алатын ақпарат арта түседі. Біріншіден, жүргізушінің сөйлеу мәнерімен, дикциясымен, шешендік қабілетімен танысамыз. Екіншіден, оның кейбір мәтіндерге, сөздерге ерекше екпін тастауы, интонация жасауы негізінде автор ойын анық түсінеміз, мол мағлұмат аламыз. Әрі адамның логикалық пайымына, сезіміне жазбадан гөрі сөз күшімен, үн —тілімен әсер ету оңайырақ та, мүмкіндік те мол. Өйткені, «сөз бен дыбыс адамға шексіз әсер етуге, көңіл-қошын жасауға болатын өте нәзік құралдар» – дейді зерттеуші **Т.Евгеньева**. Адам баласының көру қабілетінен гөрі есту қабілетінің мүмкіншілігі көп екен. Яғни есту кезіндегі қабылдайтын үндегі бояу, көзбен көру арқылы қабылдайтын бояудан мол

көрінеді. Ауызекі әңгімеде сөздердің айтылу ретін ауыстыру, түрлі екпін түсіру арқылы оның мәнін арттыра түсуге, бәсеңсітуге болады. Сөз зергері, белгілі шешен **Ираклий Андронников** – «интонация күшімен сөзге тура, болмаса кері мағына беруге әбден болады» – деген. Немесе, диктордың, хабар жүргізушінің, корреспонденттің, актердің сөз өнері, сөйлеу шеберлігіне байланысты интонациялық мүмкіншілік те өзгеріп отырады. Біраз зерттеушілердің пікірі информацияның 40 процентке жуығын, тек сөздегі интонацияның өзі ғана жеткізе алады дегенге саяды. Бүгінгі радиожурналист эфирдегі бейнелеу құралдарының қыр-сырын жетік меңгеріп, өзгеше табиғаты – акустикалық ерекшелігіне қанық болуы аса қажет. Радиохабарлардың көпшілігіне тән олқылықтар осы ерекшелікті білместіктен, немесе оған дұрыс мән бермегендіктен туады екен. Мәселен, сценарийді біз жүргізушінің сөзі, шешеннің әңгімесі күйінде естісек, онда одан алатын ақпарат арта түседі. Себебі маңызды деген материалдың өзін бірқалыпты дауыспен /монотонды/ оқу адамның логикалық ойлау жүйесін іске қосқанымен, сезіміне әсер етпейді. Яғни, хабардың эмоциялық ықпалы нөлге тең деген сөз. Мұндай хабардың тыңдалуы ауыр болғандықтан тез шаршатады, жалықтырып жібереді. Сондықтан оның мазмұнымен бірге эфирден берілу формасы, естілу ерекшелігі де тыңдаушысын тартып, сезімін үйіріп, көңіл-күйін жетелеп отыруы тиіс. Бұл радиоаудитория ықыласын игерудің үшінші кезеңінде іске асатын процесс. Радиохабарын есту арқылы қабылдайтын болғандықтан, мәтіннің немесе сценарийдің айтылатын әңгімеге, сөйленетін сөзге айналу процесіне аса зор мән беріледі. Бұл мәселе қазір кең көлемдегі ғылыми кеңестерге, үлкен пікір алысуларға, теориялық және экспериментальдық зерттеулерге негіз болып отыр. Тіпті латынша — «audire» сөзінен шыққан – «аудирование» деген арнайы термин пайда болды. Өйткені, бүгінгі талғамы жоғары, талапшыл тыңдаушы аудиториясын шу дегеннен меңгеріп кету, көпшілік ықыласын жаулап алу оңай шаруа емес. Ол журналист шығармашылығында кездесетін психологиялық сәттерді шебер игеруге байланысты болады екен. Соңғы уақыттағы осындай зерттеулерге сүйенетін болсақ, радиотыңдаушылар ықыласын игерудің бір-бірімен тығыз байланысты үш кезеңін атайды. Оның алғашқы кезеңінің өзін үш түрге бөліп қарау керек: Біріншісі – біраз үнсіздіктен кейін естілген диктор үні, немесе музыка. Сол сияқты сөз арасында жасалған тосын пауза да аудитория көңілін – он жиырма секундқа аударады екен. Ал дауыстың бірқалыпты емес, әлсін-әлсін бірде төмен, бірде жоғары шығуынын тигізетін ықпалы одан да мол. Келесісі — аудиторияның тап сол сәттегі өте қажетсініп отырған мәселесін қозғау. Радионың оперативтілігін пайдаланып тыңдаушылар күткен өзекті тақырыпқа бару. Соңғысы, әрбір программаның, радиожурналдың бұрыннан

калыптасқан тәжірибесіне байланысты туындайды. Мәселен, хабардың музыкалық —шапкасын, немесе атын естісімен-ақ аудитория одан қандай қызықты, әрі ақиқат ақпарат алатындығын шамамен болжалдап отырады. Бірақ мұндай тәсілмен радиоаудиторияны көп уақыт ұстауы мүмкін емес. Сондықтан ол хабардың алғашқы минутында-ақ, тыңдаушы ықыласын меңгерудің екінші кезеңіне ұласып кеткені дұрыс. Яғни, әңгіменің маңыздылығы, информацияның қызықтығы тыңдаушылар есіл-дертінен одан әрі баулап алады. Радиожурналистер арасында кез келген хабарды мәтінімен емес, естілуімен бағалау керек деген сөз бар. Бұл, әрине, тегін айтылмаса керек. Өйткені, дикторлық оқу мен жүргізуші шеберлігі арқасында орташа жазылған тексттің өзін тым жақсы шығару, керісінше, тәп-тәуір туындыны өз деңгейінде жеткізе алмау тәжірибеде кездесіп жатады. Олай болса, радиохабарының бастан-аяқ ойдағыдай тыңдалуы үшін тек мазмұнды болу жеткіліксіз. Себебі маңызды деген материалдың өзін бірқалыпты дауыспен оқу хабардың тыңдалуы ауыр болғандықтан тез шаршатады, жалықтырып жібереді. Сондықтан оның мазмұнымен бірге эфирден берілу формасы, естілу ерекшелігі де тыңдаушысын тартып, сезімін үйіріп, көңіл-күйін жетелеп, радиоаудитория ықыласын игерудің тиімді жолдары іздестірілуі радиожурналистерге қойылатын талаптардың бірі. Дүниежүзілік компьютерлік желіде ақпарат сайтқа орналастырылған сәттен бастап, оны кез келген шартараптан оқуға мүмкіндік туады. Ол үшін де тұтынушының ақпарат таратушы сайтына тауып, ондағы дерекке жол табуы үшін кәсіби машығы болуымен қатар, іздеуге уақыт жұмсауына тура келеді. Радиожурналист болса оқиға ортасында жүріп, көрген-білгенін тікелей эфирге шығып баяндай алады. Соңғы жылдары қауырт дамып, кең қолданысқа ие болған ұялы телефондар бұл үрдіске жаңа тыныс әперді, радионың мүмкіндігін бұрынғыдан да арттырды. Радиотілші төтенше жағдайлар болсын, тез өзгермелі спорт жарыстары болсын, ақпаратын жеткізу мақсатында орталық студия арқылы байланысқа қосылып, тікелей эфирде жұмыс істей алады. Қазіргі заманғы байланыс технологиясы радио ақпарат таратуды аз шығынмен тікелей эфир жағдайында жүзеге асыруға мүмкіндік туғызды. Яғни, ақпаратты тұтынушысына жеткізу жеделдігі жағынан телевизия да, интернет те радионың алдына шыға алмайды. Радио ең жедел, икемді, әрі аз шығынмен жұмыс істейтін бұқаралық құрал болып қала береді. Сонымен бірге, радиодан қызықты да мазмұнды талдамалық хабарларды кездестіреміз, жанды да жалынды портреттер мен очерктерді тыңдаймыз, радиокенестерге құлақ асатындардың да қатары көп. Радионың айрықша бір бітімі музыкалық хабарлардан танылады. Жақсы ән мен әуенді танытуда радионың алдына ешбір ақпарат құралы шыға алмайды. Сонымен

қатар сайлау науқаны сияқты қоғамдық-саяси оқиғалар кезінде де БАҚ құралдары өзінше әрекет етеді, әртүрлі нәтижеге қол жеткізеді, біреулер тек радио тыңдайды, қалаларда теледидарға көп назар аударылады, ал біреулердің газет оқымаса, көңілі көншімейді. Бәсекелестік пен пікір саналуандығы жағдайында бұл қалыпты құбылыс. Әлеуметтік ақпараттың еркін тасқыны БАҚ-тың қоғамдық жауапкершілігін арттырды, ақпарат биліктің маңызды тетігіне айналды. Міне, осы жағдайда ақпараттық топтар, концерттер мен медиахолдингтер өмірге жолдама алды. Әлемдік тәжірибеден Қазақстан да тыс қалған жоқ. компьютерлік желідегі ақпарат тасымалының динамикасы, өсу үрдісі өте қарқынды болғандықтан болашағынан көп үміт күттіреді. Жаһандану мен нарық жағдайында адамдар тұрмыста болсын, жұмыс орнында болсын күрделі мәселелермен бетпе-бет кездеседі, әртүрлі қайшылықтарды тез шешуіне тура келеді, соның қатарында стрестік жағдайларды бастан өткізеді. Яғни, әр адамның эмоционалды көңіл күйі мен күш-қайраты да өзгеріп отырады. Мысалы, жұмыстан шаршаған адам үйіне жеткенше, көлік тауқыметін, жол нашарлығын, қала жағдайындағы кептелістерді, қызмет көрсету мәдениетінің төмендігін көрді дейік. Үйде де бәрі қолайлы болмауы мүмкін. Бір сәт көңілін аулау үшін, теледидар қараса, онда да тосын оқиғалар, бітпейтін тауқыметтер, бет жыртысқан адамдар, көлгірсіген саясаткер мен жүйкеге тиер жарнамалар, қантөгіс фильмдер мен бітпес көбікті сериалдар. Мұндай жағдайда адамның жүйкесіне үлкен салмақ түседі, сезімі тежеледі, көңіл хошы төмендейді, өмірге құштарлығы бәсеңсиді. Міне, осы көңіл ахуалын өзгерте алатын, эмоциялық тепе-теңдікке жеткізетін күштің бірі — радио. Радио табиғатынан агрессивті емес, керісінше жұмсақ та жағымды, жайлы. Радиоақпарат көбіне оптимистік болып келеді, өмірлік жақсы тонус қалыптастырады. Әлеуметтік психологтар тосын қайғылы оқиғаның телевизиямен салыстырғанда, радиодан естілгенде санаға жұмсақтау жететіндігіне назар аударған. Өйткені, телеақпарат жүйкеге тікелей әсер етсе, радиодан естілген жаманат хабар психологиялық қорғаныс факторына тап келетін көрінеді. Мұның өзі радионың өзіндік табиғатын сақтай отырып, телевизия сияқты әлемдік пәрменді құралмен қатар өмір сүре алатындығына көз жеткізеді. Оперативтілігімен, шынайылығымен және өміршең өткірлігімен айрықша мәнге ие болған бұқаралық ақпарат құралдарының ең тиімдісі, әрі ең қолайлысы бола отырып, радио жаһандық маңыз алуда. Бұқаралық электронды ақпарат құралдарының бизнес көзіне айналуы да осы әлемдік үрдістердің әсері. Көбінесе радио аудиториясы және радиохабар таратудың экономикалық негізі зерттелуі жолға қойылуда. Радио шекараны

білмейтін, тосқауылсыз арнаға, жаһандық сипатқа ие болды. Радио — ақпаратты жеткізу мен тасымалдаудың ең бірінші құралы.

Сондай-ақ, әдеби тіл радио тыңдаушының көңіл-күйіне, сезіміне әсер ету құралы ретінде аса пайдалы. Нәзік нақышты, астарлы ойлы, сырлы сазды фразалар мен тіркестер құруға мүмкіндік береді. Әдеби тілдің тағы бір эфирдегі қажетті сипаты – ұнамды тіл оралымдары мен сауатты да, мәдени тілді орнымен қолдану радиохабарларын дайындауда табысқа жеткізетін жолдардың бірі. Ауызша әдеби тіл мен жазбаша әдеби тілді радиохабарларда шеберлікпен пайдалана білудің жөні бөлек. Әдеби тіл өмірдің, қоғамның барлық салаларында бүгінде кеңінен қолданылып келеді. Саяси, ғылыми, экономикалық мәдени және әдебиет пен өнер саласында әдеби тілсіз іс атқарылмайды. Бұқаралық ақпарат құралдарының барлық түрлерінде әдеби тіл күнделікті әрі үздіксіз пайдаланылады. Сонымен бірге, әдеби тіл халықпен бірге жасасып, болашақта да өсіп-өркендеп, дами береді.

Радиохабарларын тілдік бейнелеу оның бұқаралық өзгеше ақпарат құралы екендігімен тығыз байланысты. Әдетте, тілмен безендіру, бейнелеу тек баспасөзде ғана емес, электронды ақпарат құралдары – радио мен телевидениеге де қатысты болып келеді. Радиода тілдік безендіру, бейнелеу, ажарлау, мәнерлеу хабарлардың сапасын арттырып, көркемдігін күшейтеді. Бұл орайда, лингвистиканың теңеу, эпитет, метафора сияқты бейнелеу құралдарын кеңінен әрі жан-жақты қолдану тиімділікке жеткізеді. Ойдың логикалық әсерін пайдалана отырып, тыңдарманның немесе көрерменнің назарын аудару, қызықтыру, тартымды сөйлеу секілді компоненттері орнымен әрі қажетіне қарай қолдану табысқа жеткізбек.

Тілдік безендіру – радиохабарларының көркем шығуына қызмет ететін фактор. Сондықтан тіл бояуларының тартымды шығуына күш салып, ізденістер жасау лазым. Хабар көркемдігі сапалы болса, тыңдаушыға да оның берер әсері зор болмақ. Бұл орайда лиризмнің орны ерекше екенін ескерген жөн. Лиризм – адамның көңіл күйі мен ой-сезіміне қозғау салады. Ал, бұл жағдай радиотыңдаушы үшін аса қажет. Өйткені дәл осындай ара қатынас орнату, тыңдаушы мен жүргізушінің немесе автордың, радиожурналистің арасында белгілі бір байланыс орната білу де таптырмайтын қасиет. Кез келген хабарды құрғақ тілмен жүргізу табысқа жеткізбейді.

Сондықтан эфирде сөйлеу мәнерінің мән-маңызын ұмытпау керек. Мәнерлі де, айшықты тіл болмай, адамның назарын аудару мүмкін емес. Бұл ретте, тек сөздің жылтырақ сыртқы әсерін ғана көздемей, оның маңыздылығына басым зер салған жөн. Ал сөзбен көп мағына беру, ойдың ұтымды болуын ойлау, сөздердің астарлы, мәнді шығуын байыптау қажет. Сөз дәл, анық, айқын рөл атқарып, тыңдаушы ұғымына сай келуін қрастыру абзал. Сонда берілетін әрбір хабар түрлерінің немесе жанр түрлерінің тілдік бояулары өздеріне тән, лайықты жағдайында көрініс береді. Саяси хабар мен көркем хабардың өз орны бар. Бұларда тілдік бояуларды қолдану бірдей емес. Саяси хабарды тым көркемдеп жіберу де жараспайды. Сондықтан әрбір

хабар түрлерінің өз табиғатын ескеріп отыру талабы туындайды. Тіл – ойдың өрісі.

Ал радиохабарларын безендіру үшін тағы да бір жол - акустика болмақ. Акустика – тіл әуезі туралы ілім. Ол гректің «естілу» деген сөзінен шыққан термин. Акустика термині физикада да қолданылады. Бірақ радио мен телевидениедегі акустиканың орны мен қызметі бөлек. Ол – хабарлардың дұрыс жасалуына әсер ететін фактор. Акустика арқылы дыбыстардың бөлмеде немесе далада қалай естілетінін байқаймыз. Ал мұның өзі микрофон қолданылатын, дыбыс, сөз жазылатын және эфирден берілетін ақпарат құралдары үшін ескеруді қажет ететін жайт. Сөз дыбыстары мен табиғатта кездесетін заттар қақтығысынан туатын жаңғырықтар болып жатады.

Радио хабарларды акустикалық безендіру құралдары – сөз дыбысы, шу, музыка, монтаж болып есептеледі. Яғни, хабар ішінде әртүрлі дыбыстарды дұрыс жазып алудың реті бар. Адам жерінде хабарға музыканы пайдалану, тағы бірде хабарға егінжайдан естілетін комбайынның моторы дыбысын немесе зауыт цехындағы станоктар мен ұста-пресс балғаларының шуын жазу хабарлар үшін қажетті екені белгілі. Бұл жайттар сол жерден дайындалған хабарларға нанымдылық, деректілік, табиғилық дарытады. Сонымен бірге, хабарлардың эфирлерге талап-шарттарын орындауға мүмкіндік береді. Әрі бұған қоса, эфир хабарларын безендіру болып шығады. Онсыз радио, телевидениенің мәні толық дәрежесінде көрінбеген болар еді. Акустиканың кейбір белгілері мынадай:

1. Дыбыстың күші – мұнда дыбыс дірілінің қарқыны рөл атқарады.
2. Дыбыстың ырғағы – мұнда дыбыстың дірілінің санына байланысты айқындалады.
3. Дыбыстың әуені – мұнда дыбыстың естілуі толқынында байланысты болып келеді.
4. Дыбыстың созылмалылығы – мұнда дыбыс ұзақтығы мен қысқалығы ескеріледі.

Міне, осылайша радио акустиканың айрықша орын алатынын байқау қиын емес. Өйткені, радио хабарлары дыбыстарға негізделіп жасалатыны белгілі.

Сұрақтарға жауап беріңіз?

1. *Радиохабардың тілі мен стилін оқытуды зерттеудің психологиялық, лингвистикалық негіздері туралы ғалымдардың пікірі?*
2. *Негізден радио адамның қиялына ерекше әсер етеді?*
3. *Негізден радио адам жанына өте жақын?*
4. *Радиоақпарат пен телеақпараттың айырмашылығы, психологиялық жағынан адамға қалай әсер етеді?*

5. Радио — ақпаратты жеткізу мен тасымалдаудың ең бірінші құралы деген пікірге қандай ойыңыз бар?

6. Әдеби тіл радио тыңдаушының көңіл-күйіне, сезіміне әсер ете ме?

Әдебиеттер

1. Балақаев М. Томанов М. Жанпейісов Е. Манасбаев Т. Қазақ тілінің стилистикасы. Алматы, 1974, 264 б.

2. С.Хасанова, Ғ.Жексембаева Қазақ тілінің стилистикасы. Алматы, 1999

3. К. Қабылғазина. «Радио – ақпаратты жеткізудің ең бірінші құралы». «Қазақстандық және шетелдік БАҚ-тың қызметі: Болашағы және өзекті мәселелері» Бағдарламасы. Алматы, 2011

4. Әлкебаева Д.А. «Қазақ тілінің прагматилистикасы». Алматы: Зият-Пресс, 2007. – 244 бет.

5. Баялиева Д. «Қазіргі қазақ баспасөзіндегі ұлттық, мәдениет, салт-дәстүр және тіл мен стиль мәселелері». Қарағанды, 2009.

6. Шындалиева М. «Публицистика жанрлары мен пішіндері». Астана, 2012.

7. Оразбекова Зейне, Женгиз Ерман. «Язык и стиль современных СМИ», 2017, 225 стр. <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=30094032>

8. Жейсон Бейнбриж, Никола Гок, Лиз Тайнан. «Медиа және журналистика: теория мен практикаға жаңа көзқарас». Oxford. 2015, 504 б.